

ФРАНЧАЙЗИНГ КЕЛІСІМ-ШАРТЫ

(коммерциялық концессия)

Алматы қаласы

24 шілде 2016 жыл

Бұдан әрі «Франчайзер» деп аталатын «АСЫЛ» ЖШС бас директоры Мұртазаев Шамиль Бахтиярұлы бір тараптан, және бұдан әрі «Франчайзи» деп аталатын жеке кәсіпкер Сайтенов Мурат Әлімұлы екінші тараптан төмендегі келісім-шартты жасасты:

1. КЕЛІСІМ-ШАРТТЫҢ МӘНІ

1.1. Осы шарт бойынша Франчайзер Франчайзиге өзінің кәсіпкерлік қызметінде Франчайзерге тиесілі кешенді ерекше құқысын осы шартпен көрсетілген мерзімде сыйақыға пайдалануға келісімін береді.

1.2. Осы шартпен пайдалануға беріліп отырған кешенді құқық төмендегіні қамтиды:

- тауар белгісін пайдалану құқысын;
- қызмет көрсету белгісін пайдалану құқысын,

сонымен қатар, шартта ескерілген өзгеде ерекше құқықтың нысаны болып табылатын, дәлірек айтқанда коммерциялық белгі, өндіріс құпиясын (ноу-хау) пайдалану құқысы беріледі.

1.3. Франчайзи Франчайзиге тиесілі ерекше құқықтарының кешенін Алматы және Астана қалаларында пайдалануға құқылы.

1.4. Осы шарттың заңдық күшінің мерзімі 24.07.2016–дан 24.07.2018 жылға дейін белгіленді.

1.5. Ерекше құқықтарының кешенін пайдаланғаны үшін сый ақы 7 200 000 (жеті миллион екі жүз мың) теңге болып табылады. Сыйақы келісім-шартта белгіленген мерзім аралығында 200 000 (екі жүз мың) теңге мөлшерінде әр ай сайын төленеді. Төленетін сыйақы тараптардың келісуімен әр айдың 10-нан кешіктірлмеуі тиіс деп белгіленді

2. ТАРАПТАРДЫҢ МІНДЕТТЕРІ

2.1. Франчайзер міндетті:

а) осы шартқа сәйкес Франчайзиге берілген құқықтарды жүзеге асыру үшін Франчайзиге барлық техникалық, коммерциялық және өзгеде қажетті ақпараттар мен құжаттарды беруге;

ә) Франчайзи және оның қызметкерлеріне осы шартпен беріліп отырған құқықтарды жүзеге асыруға қатысты сұрақтарды түсіндіріп беруге;

б) осы шарттың мемлекеттік тіркеуден өтуін қамтамасыз етуге;

в) Франчайзиге тұрақты түрде кеңес беруге;

г) қызметкерлердің кәсіби біліктілігін жоғарлату мен оқытуға қолдау көрсету;

ғ) осы шартқа сәйкес берілген құқық бойынша Франчайзимен өндірілетін тауарлардың (қызмет көрсетудің) сапасын қадағалауға.

2.2. Франчайзер Франчайзиге пайдалануға берген ерекше құқықтарының кешенін сол аймақта орналасқан өзге тараптарға бермеуге міндеттенеді.

2.3. Осы шартқа сәйкес Франчайзимен жүзеге асырылатын қызметінің ерекшелігі мен сипатына қатысты Франчайзи міндеттенеді:

а) Франчайзердің осы шартта қарастырылған коммерциялық белгі, тауар белгісін, қызмет көрсету белгісін Франчайзи өзінің қызметін жүзеге асыруда келесі түрде қоладанады:

- Франчайзидің дүкенінің ішкі бөлмелері мен витринасы «АСЫЛ» фирмасының стилімен бірдей рәсімделуі тиіс;

- қадағалаушы органдар туралы арнайы ақпарат стендтінде, сонымен қатар дүкеннің есіктері мен маңдайша жазуларында «АСЫЛ» фирмасының атауы мен осы шарт туралы ақпарат пен Франчайзердің байланыс адрестері берілуі тиіс;

- Франчайзидің барлық қызметкерлері өзінің қызметін атқару барысында «АСЫЛ» фирмасының фирмалық эмблемасы бар алтын түсті шолақ жейде киіп жүруі тиіс;

- Франчайзидің қызметкерлері сатып алушылар мен клиенттеріге қызмет көрсету кезінде жылы шырай танытуы тиіс.

ә) осы шартқа сәйкес Франчайзимен өндірілетін товар немесе көрсетілетін қызметтің сапасын Франчайзердің талаптарына сай ету;

б) осы шартқа сәйкес Франчайзиге берілген ерекеше құқықтар кешенін пайдалануға қатысты Франчайзердің ережелерін, нұсқауларын, өкімдерін орындауға;

в) егер сатып алушылар (тапсырыс берушілер) Франчайзерден тауарды немесе қызметті тұтынған жағдайда, Франчайзи тарапынан олардың сұрауы бойынша ұқсас қосымша қызмет көрсетуі тиіс;

г) осы шартқа сәйкес Франчайзермен Франчайзиге берілген ерекеше құқықтар кешеніндегі коммерциялық ақпарат пен құпияларды (ноу-хау) пайдалану барысында оны жария етпеу мен құпияда ұстауға;

ғ) Франчайзи сатып алушылар мен тапсырыс берушілерге Франчайзер және оның өнімідері мен қызмет көрсетулері туралы ақпаратты беру және түсіндірме жұмыстарын жүргізуге;

е) Франчайзи өзге Франчайзерлердің ұсыныстарын қарастырмайды және олармен жұмыс істеуден бастартуы тиіс.

3. ЕРЕКЕШЕ ҚҰҚЫҚТАР КЕШЕНІН ПАЙДАЛАНУШЫНЫҢ СОЛ ҚҰҚЫҚТАРДЫ ИЕЛЕНУШІНІҢ АЛДЫНДА ЖАУАПКЕРШІЛІГІ

3.1. Осы шартқа сәйкес Франчайзимен өндірілетін тауарлар немесе көрсетілетін қызметтердің сапасына қатысты Франчайзер субсидиарлы жауапкершілікті өз мойнынан алады;

3.2. Франчайзиге тауар өндіруші немесе қызмет көрсетуші ретінде қойылған талаптарға Франчайзер Франчайзимен ортақ жауап береді.

4. ОСЫ КЕЛІСІМ-ШАРТТЫ ПАЙДАЛАНУШЫНЫҢ ЖАҢА МЕРЗІМГЕ ЖАСАСУ ҚҰҚЫҒЫ

4.1. Өз міндеттерін талаптарға тиісті орындаған Франчайзи осы келісім-шарттың мерзімі аяқталғаннан кейін оны сол шарттың талаптарын сақтай отырып жаңа мерзімге жасасуға құқылы;

4.2. Егерде ол осы келісім-шарт мерзімі аяқталған соң үш жыл ішінде өзге тараптармен ұқсас франчайзингтік шарт жасаспаған жағдайда, Франчайзер франчайзинг келісім-шартын жаңа мерзімге жасасудан бастартуға құқысы бар. Егерде Франчайзер Франчайзидің жұмыс істеу аймағында өзге тараптармен франчайзингтік келісім-шарт жасасса, онда Франчайзидің осы келісім-шартқа қатысты барлық шығындарын өтеуге міндетті.

5. КЕЛІСІМ-ШАРТТЫҢ КҮШІ

5.1. Осы келісім-шарт қол қойылып, тіркеуден өткеннен кейін өз күшіне енеді. Келісім-шарттың заңдық күші осы келісім-шарттың 1.4. тармақшасында белгіленген.

5.2. Осы келісім-шарттың 1.2. тармақшасында көрсетілген ерекеше құқықтардың өзге тарапқа өтуі келісім-шартты өзгертудің немесе жойылудың негізі ретінде бола

алмайды. Жаңа Франчайзер осы келісім-шарттың ерекше құқықтарды иеленушісі және осыған қатысты құқықтар мен міндеттерді орындаушы болып табылады.

5.3. Егер осы келісім-шарт күшінің мерзімі ішінде Франчайзермен Франчайзиге пайдалануға берілген ерекше құқықтардың мерзімі аяқталған жағдайда немесе басқада себептермен тоқтатылған болса, пайдалануға берілген ерекше құқықтарды есепке алмағанда осы келісім-шарт өз күшін жоймайды.

5.4. Франчайзермен осы келісім-шарт сәйкес пайдалануға берілген ерекше құқықтардың коммерциялық мақсаттылығы өзгертілген жағдайда келісім-шарт өз күшін жоймайды. Егер Франчайзи осының салдарынан залал көретін болса, онда ол Франчайзерден шығындарды өтеуін және келісім-шарттың бұзуын талап етуге құқылы. Егерде келісім-шарт өзінің күшін тоқтатпаған жағдайда Франчайзи Франчайзерден сыйақы мөлшерін төмендетуді талап етуге құқылы.

5.5. Осы келісім шарт төмендегі жағдайларда өз күшін тоқтатады:

5.5.1. Осы келісім-шарттың 1.4. тармақшасында көрсетілген мерзім аяқталған жағдайда;

5.5.2. Франчайзер немесе Франчайзи дәрменсіз (банкрот) деп танылса;

5.5.3. Франчайзердің тауар белгісіне қатысты иелік ету құқығы тоқтатылған жағдайда;

5.5.4. Заңмен қарастырылған өзгеде жағдайларда.

5.6. Келісім-шартқа енгізілген қандайда өзгерістер, тармақшаларының тоқтатылуы мен жойылуы жағдайында міндетті түрде тіркелуден өтуі тиіс.

6. ҚОРЫТЫНДЫ ЕРЕЖЕ

6.1. Осы келісім-шарт зияткерлік мешікті тіркеу орындарында тіркеуден өтуі тиіс.

6.2. Осы келісім-шартта қарастырылмаған өзгеде жағдайлар Қазақстан Республикасы заңдарымен қарастырылып реттеледі.

6.3. Осы келісім-шарт бірдей заңды күші бар үш данада жасалды, тараптар үшін екі данасы, бір данасы тіркеу орындары үшін.

7. ТАРАПТАРДЫҢ МЕКЕН ЖАЙЫ МЕН БАНКТІК РЕКВЕЗИТТЕРІ:

Франчайзер: «АСЫЛ» ЖШС

Франчайзи: ЖК Сайтенов Мурат Әлімұлы

004564 Қазақстан. Алматы қаласы,
Турдебев көшесі 125
тел./факс 87272 547896, e-mail: asyl-125@mail.ru

Алматы қаласы. Ченибеков көшесі 14
тел./факс 87272 568746, e-mail:
saiten.murat@mail.ru

РНН 600541450000, Е/ш: 0004500054

РНН 60011110000, Е/ш: 000111450588

АҚ «АРК БАНКІ»

АҚ «АРК БАНКІ»

Алматы қаласы, код:315,Кбе-15, МФО:0245

Алматы қаласы, код:113,Кбе-07

Франчайзер: Муртазаев Ш. Б.

Франчайзи: Сайтенов М. Ә.

Қолы _____ Мөрдiң орны

Қолы _____ Мөрдiң орны